

ISSN 1728-5461

**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Kazakh national pedagogical university after Abai**

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК BULLETIN

**«Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы,
Серия «Исторические и социально-политические науки»,
Series «Historical and socio-political sciences»**

№3(58), 2018

Алматы 2018

**ДЕРЕКТАНУ ЖӘНЕ ТАРИХНАМА
ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ И ИСТОРИОГРАФИЯ
SOURCE AND HISTORIOGRAPHY**

Хазретәлі Тұрсұн, Хакан Ас. Мәделіқожа Сұлтанқожаұлының «Қиуаға жорық туралы» жырының тарихилығы.....	206
Khazretali Tursun, Hakan As. Historical compliance of the poem of Madelikhodzha Sultankhodzhauly "the Khivan campaign".....	
Құрманалина Н.Н. Абылай хан тұлғасы мен оның қазақ-жонғар күресіндегі қызметінің зерттелу мәселелеріне орай.....	212
Kurmanalina N. On the Issue of the Historiography of the Personality of Ablai Khan and His Activities in the Kazakh-Dzungar War.....	
Ноғайбаева М.С. Еуразия көшпелілерінің қоғамдық-саяси құрылымының зерттелуі.....	217
Nogaybayeva M.C. The study of the socio-political structure of the nomads of Eurasia.....	
Тоқтабай А.У., Карамендина М.Ө. Өзбекстан қазақтарының киелі жерлері туралы.....	223
Toqtabai A.U., Karamendina M.O. On sacred places of the kazakhs of Uzbekistan.....	
Мусаханова М.З., Садвакасова А.К. Реставрация рукописного наследия (на примере мусульманской рукописи арабской графики 1888 года).....	231
Mussakhanova M.Z., Sadvakasova A.K. Restoration of manufactural heritage (on the example of the muslim manuscript of the arab graphic of 1888).....	
Шаймерденова М.Д., Мирзоев К.И. Тюркско-славянские взаимосвязи в 40-50-е годы XX века в сфере гуманитарного направления: источники, персоналии, исследования.....	237
Shaimerdenova M.D., Mirzoev K.I. Tyurk-slavic interrelations in the 40th-50th anniversary XX century in the sphere of humanitarian direction: sources, personalities, researches.....	
Далаева Т.Т. Социокультурная идентичность населения Кентау на страницах местной печати (1950-1970 гг.).....	242
Dalayeveva T. Socio-cultural identity of the Kentau population on the pages of the local press (1950-1970).....	
Нұрман Ш.Т. Естеліктер біргеілікті зерттеудің дерегі ретінде: Қ.И. Сәтбаев.....	249
Nurman Sholpan Memoirs as a way of determining of national identity: K.I. Satpaev.....	

**АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ
АРХЕОЛОГИЯ И ЭТНОЛОГИЯ
ARCHAEOLOGY AND ETHNOLOGY**

Бексейтов Г.Т., Оспанов Е.Б., Тулегенов Т.Ж. Некоторые особенности погребально-поминальной практики ранних кочевников Юго-Восточного Семиречья.....	254
Bekseitov G.T., Ospanov E.B., Tulegenov T.Zh. Some features of the burial South.....	
Жаркенова А.М. Целинная миграция и этническая структура населения Северного Казахстана.....	259
Zharkenova A.M. Private migration and ethnic structure of the population of North Kazakhstan.....	
Раздықова Г.М. XIX ғасырдағы дала өлкесінің мұсылмандық руханилылығын қалыптастыру туралы.....	264
Razdykova G. On the formation muslim clergy steppe region in the XIX Century.....	

официального дискурса идентичности местного населения. Однако для системного изучения проблем идентичности населения г.Кентау и его окрестностей следует обратиться к местным эго-документам, в частности к историческим интервью старшего поколения города, чьи детские, молодые и зрелые годы пришлись на 1950-1970-е гг., чтобы понять, как сами жители идентифицировали себя. Анализ личного восприятия людей позволит уже применить весь спектр маркеров идентичности, в то время как в газетных материалах приходилось выявлять лишь наличие отдельных маркеров, указывающих на характер процессов идентичности. Отсюда очевиден вектор дальнейших исследований проблемы идентичности населения Кентау в советский период.

Список использованной литературы:

1. Павский В. Песня шахтеров Кентау // Кентауская правда. – 1958. - 20 февраля. - С. 3.
2. Павский В. Песня комсомольцев Кентау // Кентауская правда. – 1958. - 28 октября. - С. 2.
3. Луначарская Г. Любят свой город пионеры..., Кентауская плясовая // Кентауская правда. – 1959. - 28 февраля. - С. 4.
4. Данильчик Д. Я – город Кентау // Кентауская правда. – 1959. – 1 января. - С. 4.
5. Горшкова Е. Растет и ширится родной Кентау // Горняк Кентау. – 1965. - 31 июля. С. 3.
6. Жылкелдиев Т. Жұмысшы // Кентауская правда. 1970. - 28 марта. – С. 3.
7. Сәуірбаев Ө. Кентау // Кентауская правда. – 1972. – 11 апреля. – С. 4.
8. Рассказов В. Как зеницу ока беречь дружбу народов // Кентауская правда. – 1958. – 17 мая. – С. 1.
9. Левентман З. Национальная по форме // Кентауская правда. – 1961. – 10 июля. - С. 3.
10. Луначарская Г. Кантагинский рудник // Горняк Кентау. – 1965. – 14 мая. С. 2.
11. Кремер Ю.И. Нет песен на казахском языке в клубе «Дружба» // Кентауская правда. – 1958. - 9 января. С. 2.
12. А казы у вас есть? // Кентауская правда. – 1960. – 23 января. – С. 3.
13. Скрипов О. Шахтерам Ачисая // Горняк Каратау. – 1952. - 10 февраля. - С. 2.
14. Роговенко А. Красив наш город // Кентауская правда. – 1958. – 4 декабря. – С. 4.
15. Луначарская Г. Кентауская горняцкая // Кентауская правда. – 1960. - 5 ноября. - С. 2.
16. Кузнецов А. Казахстан // Кентауская правда. – 1958. – 12 июня. – С. 4.
17. Павский В. Хороший город! // Кентауская правда. – 1958. – 2 октября. – С. 4.
18. «Ты и твой Кентау». Из писем читателей // Горняк Кентау. – 1967. – 21 июня. – С. 1.
19. Ермиленкова Л. На местные темы // Кентауская правда. – 1959. – 10 февраля. – С. 3.
20. Луначарская Г. Бригада Седова // Кентауская правда. – 1961. – 18 марта. - С. 1.
21. І. Жансүгіров. «Қазақстан» // Кентау правдасы. – 1970. – 27 маусым (июнь). – Б. 4.
22. Т. Жароков «Жыр көмей» // Кентау правдасы. – 1970. - 4 тамыз. - Б. 4.

УДК 63.3(2)я7
ГРНТИ03.20.11

Ш.Т. Нұрман¹

*¹Т.ғ.к., доцент, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Тарих және құқық институты,
Алматы, Қазақстан*

**ЕСТЕЛІКТЕР БІРГЕЙЛІКТІ ЗЕРТТЕУДІҢ ДЕРЕГІ РЕТІНДЕ:
Қ.И. СӘТБАЕВ**

Аңдатпа

Мақала естеліктердің Қазақстандағы геология ғылымының тарихын зерттеу деректерінің бірі екендігін қарастырады. Әсіресе, атақты ғалымдардың бірегейлігін зерттеудің дерегі ретіндегі мәселені көтереді. Кеңес дәуіріндегі ғалымдардың «ғылыми тұрмысын» зерттеу үшін ғылыми ортадағы коммуникация тәжірибесін, заман талабының ғалымның қызметтік және жеке бас өмір сүру стратегиясына тигізген әсерін, оның бірегейлік формасының трансформациясын және т.с.с. анықтауға естеліктердің тарихи дерек ретіндегі мүмкіндіктері пайдаланылады. Автор Қ.И. Сәтбаев туралы архив құжаттарын, жеке қор материалдарын және естеліктерді зерттеу арқылы өз тұжырымдарын ұсынды.

Түйін сөздер: Қазақстан тарихы, геология тарихы, естеліктер, Қ.И. Сәтбаев, бірегейлік.

Ш.Т. Нурман¹

¹К.и.н., доцент, Института истории и права при КазНПУ им. Абая,
г. Алматы, Казахстан

ВОСПОМИНАНИЯ КАК ИСТОЧНИК В ИЗУЧЕНИИ ИДЕНТИЧНОСТИ: К.И. САТБАЕВ

Аннотация

В статье рассматриваются воспоминания как один из источников в изучении истории геологической науки в Казахстане. Особенно, роль воспоминаний как ценного источника в исследовании идентичности известных ученых. В советский период меняется «научный быт» ученых, составными частями которого являются научная среда и новый опыт коммуникации, влияние вызовов эпохи на стратегию служебного и личного поведения и трансформацию идентичности и т.д. Автор в результате изучения архивных документов, материалов личного фонда К.И. Сатпаева, воспоминаний о нем делает некоторые выводы.

Ключевые слова: История Казахстана, история геологии, воспоминания, К.И. Сатпаев, идентичность.

*Nurman Sholpan*¹

¹*Candidate of Historical Sciences and Associate Professor of the Abai Kazakh National Pedagogical University,
Almaty, Kazakhstan*

MEMOIRS AS A WAY OF DETERMINING OF NATIONAL IDENTITY: K.I. SATPAEV

Annotation

The article considers memories as one of the sources in the study of the history of geology in Kazakhstan. In particular, it analyses whether the personal traits of famous scientists are of scientific significance. In order to examine the everyday lives of scientists during the Soviet period, we investigated the methods of communication within the scientific community, the ways in which the demands of the times affected the working strategies as well as personal lives, and the changes that occurred as a result were assessed by analysing personal accounts. The author thus presents a conclusion derived from studying various archive documents, personal fund materials and memories about K.I. Satpayev.

Keywords: History of Kazakhstan, history of geology, memoirs, K.I. Satpayev, identity.

XX ғасырдың ғұлама ғалымы, Кеңес Одағындағы бұрынғы Шығыс республикаларынан шыққан тұңғыш академик, геология-минералогия ғылымдарының докторы Қ.И. Сәтбаевтың өмірі күрделі де шытырман оқиғаларға толы тұлға. Сәтбаевтың 50 жасқа толған мерейтойына орай М. Әуезов «қай халық болса да өз ортасынан ғалым өсірген дәрежеге жеткенде, жалпы мәдениет тарихында өзінің елдігі мен өсуі туралы тың жаңалық мәлім еткен халық болады» деп еді [1,6]. Яғни, халық пен ғалым, ұлт мәдениеті мен ғалым бірге өседі. Сонымен қатар, сол Әуезов «қазақтың советтік буындарының ең алдыңғы қатарында, жұртшылық мақтаны боп, толып өскен ғалым азаматтың ең алдыңғы сапында қадырлы орын алатын кісінің бірі Қаныш Сәтбаев» дейді [1,7].

Жазылар естеліктер мен туралы,

Біреулер жан еді дер өр тұлғалы...

Мәңгілікке өзіммен ала кеткен,

Менің нәзік жанымды кім түсінер!?- деп,

М. Мақатев ақын ой толғағаны мәлім. Кеңестік дәуірдің қолдауын да, қудалауын да көрген Қ. Сәтбаевтай күрделі тарихи тұлғалардың шынайы болмысын тануда белгілі бір дәрежеде естеліктер пайдалы дерек көзіне айналады. К. Чуковский естеліктердің тамаша бір қасиетін көрсететін анықтама береді «естеліктер – ойдан шығарылмаған әңгімелер». Қ. Сәтбаев туралы жазылған ондаған естеліктер бар. Сол естеліктердің арасында алғашқы шыққаны 1965 жылғы «Академик Қ.И. Сәтбаев. Кеңестік белгілі ғалымды еске алуға арналған жинақ» болды. Бұл жинақтың ішінде КСРО министрлері мен академиктеріне бастап, үзеңгілес әріптестері, достары, шәкірттеріне дейін өз естеліктерімен бөлісті. Жинақ Қ. Сәтбаев өмірден озғаннан кейін көп өтпей жарық көргендігімен де құнды. Мұндағы естеліктер жадтан өше қоймаған сәттегі Сәтбаевтың бейнесіне арналып еді.

Жалпы, Қ. Сәтбаев туралы естеліктерді бірнеше топқа бөлуге болады. Ол естеліктер отбасы мүшелерінің естелігі, қызметтестердің естеліктері, яғни бірге жұмыс істеген әріптестері мен шәкірттерінің естеліктері, ғалым-қайраткерлердің естеліктері және ауылдастарының естеліктері және т.б.

Естеліктерді жинау, жариялау жұмысына ғалымның жұбайы Таисия Алексеевна Кошкина (Сәтбаеваны) көп үлес қосқан. Тіпті, жұбайы Қаныш Сәтбаев қайтыс болған уақыттан бастап өз өмірін ғалымның есімін насихаттау, сақтау жұмысына арнады деуге болады. Оның қатарында Сәтбаевтың жеке архивін жасақтау мен жүйелеу, оның таңдамалы шығармаларын, библиографиясын, естеліктер жинағын шығару жұмыстарын тікелей өз қолына алған. Баянауыл мен Қарсақпайда мұражайын ашуға көмек етті. Зерттеуіміз барысында ҚР ОМА жеке қорларының Т.А. Сәтбаеваның 2121-қорымен таныстық. Т.А. Сәтбаеваның жарық көрген екі естелігі белгілі. Бірі -1949 жылы «Незавыаемые годы» деген атаумен Вестник журналында жарық көрді. Екіншісі 1965 жылы «Жезказған – детище К.И. Сатпаева» деген атпен жарияланды.

Енді осы естеліктерден Сәтбаевтың шыққан ортасы, тәрбиеленуі, ұлттық дәстүрге қанықтығы туралы деректерді мольнан табуға болады. Бұл мәліметтер оның ұлттық бірегейлігінің мықты тамыры болғандығын көрсетеді деген ойдамыз. Қ. Сәтбаев қазақы ортадан шыққан, дәстүрлі және сыйлы, текті, білімді отбасының мүшесі. Әкесінің екі кластық білімі болған. Омбыда училище бітірген. Арабша да оқуы болған. Араб, парсы тілдеріндегі көп хиссаларды жатқа айтқан. Имантай әкесі турашылдығымен, әділдігімен ауызға іліккен беделді адам болыпты.

Қаныштың өзі сегіз жасында ауылдан сауатын ашып, арабша еркін жазатын да сөйлейтін болған. Біраз хиссаларды жатқа айтқан. Зерек, суретке, табиғатқа, тастарға қызыққыш қиялы жүйріктігін де естеліктерден табамыз. Домбыра, гитара, мандолинада ойнаған, қосылып жап жақсы ән айтқан.

Екінші жағынан, 1908-1911 жж. Баянауылдың Ақкелін болысындағы орыс-қазақ бастауыш мектебінде оқиды. Мектепті бітіргеннен кейін сол жылы Павлодар қаласында екі кластық орыс-қазақ училищесіне түседі. Орыс мәдениетіне жақындайды. Семейдегі мұғалімдер семинариясында оқып жүргенінде Қанышқа сол жердің интеллигенциясы ішінен прогресшіл бағыт ұстаған ағайынды Белослюдовтар көп әсер еткен. Потанин саяхаттары туралы алғаш рет солардан естиді. Өз бетімен Чернышевскийдің, Добролюбовтың, Белинскийдің шығармаларын да оқитын болған.

Қ. Сәтбаев ғалым ретінде кеңестік кезеңде қалыптасты. Өзін геология ғылымының сібірлік мектебінің өкілі ретінде – В.А. Обручев негізін қалаған және М.А. Усов сияқты ғалым тікелей ұстазы болған сібір мектебінің өкілі деп – атаған. Бұл жөнінде профессор В.С. Коптев-Дворников өз естелігінде жазады [2, 42]. Ол, сонымен қатар, студент кезінде жолыққан М.П. Русаков, Н.Г. Кассин сияқты атақты геологтармен ұзақ жылдар бойы достасқан. Қолынан келген көмегін аямай, бірге қызмет еткен.

Қ. Сәтбаевты геология ғылымының қыр-сырын ашу жолына ертіп келген және оған дәріс берген ғалым-ұстазы М.А. Усов болды деп көрсетеді көптеген зерттеушілер, ғалымдар, замандас әріптестері. Ол жайлы М. Усовтың күнделігінен де оқып білуге болады.

Дәрігердің кеңесімен қымыз ішіп емделу үшін студент Әлімхан Ермековтің шақыруымен қазақ даласына аттанған Томск университетінің профессоры М.А. Усов 1921 жылдың мамыры мен қазан айларындағы осы саяхаты туралы күнделігінде айтады. Күнделігінде Қаныш Сәтбаевпен қалай кездескені туралы және оның Томск институтына аттануы жайлы да мәліметтер береді. Семей өңірін біраз аралаған профессор отбасымен Қаныш Сәтбаевтың немере ағасы Әбікейдің (Абикей) ауылына бет алады және жолда шілденің 21-інде Баянауыл ауданының халық соты Қаныш Сәтбаевқа соққандарын жазады. Ол жерден тек А. Н. Белослюдовты кездестіргенін ал қалғандары қонақта болғанын жазады. Усовтың күнделігі Қ.Сәтбаевтың сол кезеңде араласатын ортасы туралы біршама деректер береді. Солардың қатарында Белослюдовтармен таныс болғанын және бірге тұрғандарын көреміз. Сонымен қатар, Қ. Сәтбаев ауылында театрланған қойылымдар және концерттер ұйымдастыратынын жазады. Мысалы, «12 тамыз (жұма). .. Кешке Қаныш импровизацияланған қазақ концертін және хорын өткізді, ол кешкі асқа дейін жалғасты...

17 тамыз (сәрсенбі). .. Кешке қарай Қаныш біздің ауылда бір әктілі спектакль ойнатты. Оған жергілікті адамдар және аудандық труппаның 2 мүшесі қатысты, ал кешке еуропалық тағамдар ұсынылып қошемет көрсетті» [3, 35-36].

Тамыз айының аяғында Томскіге оқуға аттануға бел бұған Қаныш халық соты істерін аяқтап, тапсыру үшін Баянауылға асығыс аттанады. Себебі 7-10 қыркүйектер аралығында М. Усов отбасымен Томскіге шығып кетпек болады, солармен бірге кетуге үлгермек болады. Семей губерниялық халық сотының коллегиясына жазған өтінішінде: «Желая завершить свое образование, прошу коллегию губнарсуда не отказать в отчислении меня со службы по судебному ведомству к началу судебных занятий и не позднее 1 сентября 1921 г. о результатах не откажите известить. Нарсудья Сатпаев» [3, 21].

М. Усовтың күнделігінде 6 қыркүйекте Қаныштың Томск технологиялық институтына оқуға кететіні туралы хаты отбасына келгенін және ол өзіне қажеттілерді тез арада дайындап қоюды табыстап жазғаны айтылады.

«6 қыркүйек (сейсенбі). ... Қаныштың Баянауылдан жазған хаты келді, ол Томск технологиялық институтына оқуға кетуді біржола шешкенін және кетуіне керек-жарақтарын дайындауды өтініп жазды. 2 жасар тайшық сойылды және оның еті сүрленді. Еттің сүрленуі қарапайым жолмен жүреді: күндіз далада ашық ауада ілініп тұрады, ал түнде шаңыраққа ілінеді де ошақтың түтінімен қақталады» - деп жазатын профессор Усов қазақ ауылының тұрмыс-тіршілігінен байқағандарын да көрсетіп отырады.

13 қыркүйекте Усов былай деп жазады: «Каныш Сатпаев предполагал ехать с нами в Томск, чтобы учиться в институте. Он уехал в конце августа в Баян-Аул, чтобы ликвидировать дела. Хотел вернуться к 7-10 сентября, но до сих пор его нет. Вчера со всей семьей выехал в Семипалатинск Абиkey Зеинович. И мы решили ехать, тем более, что началась приличная погода, которая могла долго не продержаться. Выехали мы на лошадях Имантая в 11 часов» [4, 44].

Оқуына алып кетуі үшін Қанышқа 3 кендір қап дайындалды, деп жазады естелігінде Т.А. Сәтбаева. 1 қапта сүрленген ет, екіншісінде бауырсақ пен құрт, үшіншісіне саптама етік, жүннен тоқылған шұлық, түлкі терісінің ішігі және түлкі тымақ салынды. Көп қапты және олардың түрін көріп қобалжыған Қанышқа әкесі: «Азықты сен емес, азық сені көтереді». Сенің профессорың Михаил қандай суық және аштық жайлаған жерге кетіп бара жатқаныңды айтты. Менің берерім осы ғана.

Сен қанаттанған құстай ұяңнан ұшып барасың, Михаилға жақын жүр. Ол жақсы адам. Аз сөйлейді, бірақ көзінің шуағы бар. Біздің қарапайым, дала халқын сыйлайды. Денсаулығың әлсіз. Өзіңе абай бол, қарағым» деп шығарып салған екен [5, 3-4].

Институт жанындағы арнайы корпусарда М. Усовтың пәтері болды. Ол осы пәтердің бір бөлмесін Қаныш Сәтбаевқа бөліп берді [5, 5п.].

Сәтбаев оқыған кездегі Томск қаласын Сібірдің Афинасы деуге болар еді. Себебі бұл қалада Сібірдегі екі ірі жоғары оқу орны орналасты – университет пен технологиялық институт. Жоғары оқу орындары салтанатты ғимараттарда орналасты. Классикалық стильде салынған зәулім ғимараттағы университет, оның кітапханасы, түрлі мұражайлары өзінің қайталанбас архитектурасымен қалаға сән мен салтанат беріп тұрды. Университеттің барлық ғимараттарын парктер қоршап тұратын еді.

1900 жылы салынған Томск технологиялық институтының ғимараты таулы биік жерде орналасты. Сондықтан сол биіктіктен институт корпусының әсемдігі мен зәулімдігі алыстан көз тартып тұрды. Институттың ішкі кеңістігі де кірген адамға сондайлық зор әсер берді. Жарық және керемет акустикасы бар кең аудиториялар, жабдықталған сызу залдары, лабораториялар, шеберханалар, осылардың барлығы жазық даладан келген қазақ балаларына ұмытылмастай әсер қалдырды. Сарайдан ғұлама ғалымдардан білім алу, сонда тұрып, сол қоғамның бір мүшесіне айналу санада түбегейлі төңкеріс жасайтын, менталитетті өзгертетін ірі құбылыс деп ойлаймыз. Томск институтын бітірген әрбір студент, даңқты оқу орнының түлегі екенін өмір бойы мақтан тұтады.

Қ. Сәтбаев та өзін геологтардың Сібір мектебінің, Томск мектебінің өкілі деп таныған.

1920-шы жылдары Томск технологиялық институтында дәріс берген профессор В.А. Хахлов студенттер құрамы менің көз алдымда өзгере бастады. Бұрын қазақ немесе аз ұлт өкілдерінен келген студенттер, қыздар кездеспейтін дейді [6, 254]. Қ. Сәтбаевтың студенттік шағы геология қызметіндегі маңызды тарихи кезеңмен тұспа-тұс келді. Кеңестік индустрияландыру саясаты елде минералдық-шикізат базасын жасауды қажет етті. Жаңа міндеттерді іске асыратын геологтар мен геолог-барлаушылар дайындау жұмысы мемлекеттік маңызға ие болды. Томск институтының тау факультетінде алғашында геологиялық барлау бөлімі ашылады, кейіннен ол жеке факультетке айналды. Студенттер Сібір, Қиыр Шығыс, Орта Азия мен Қазақстан жерін зерттеуге жұмылдырылды. 1 курстан бастап студенттер оқытушыларымен бірге барлау экспедицияларына шығып отырды. 2-ші курстан Қ. Сәтбаев та М.А. Усовтың Қазақстанда жүргізген экспедицияларына қатысты. Біздің ойымызша, осы студент шағында Қ. Сатпаевтың ғылыми-инженерлік дүние пайымы сібір геологтары мектебінің аясында қалыптасты. Олардың қатарында, М.А. Усов бастаған Сібір геолог-ғалымдарының әсері, студенттік ортасы, геолог-барлаушыны тәрбиелеуде қолданылған сол кездегі кеңестік идеологияны көреміз.

Бірегейлік мәселесін зерттейтін еңбектерде, олардың алуан түрлілігі айтылады. Отансүйгіштікке, туған жерін қадірлеу сияқты қасиетті маңыздарға ие азаматтық бірегейлік өз елінің тағдырына деген жауапкершілікке ұласатыны көрсетіледі. Қ. Сатпаевтың туған кезінен бастап Томск кезеңін қоса қарастыра отырып дүниетанымының қалыптасуында өзін бір ұлттың өкілі деп тануынан бастап, кәсіби маман ретіндегі азаматтық бірегейлігінің қалыптасуындағы негізгі факторларларды, маркерлерді осылай пайымдадық.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Әуезов М. Қазақ халқының зор ғалымы // Заңғар. Қ. Сәтбаев туралы естеліктер/ Құраст. Ғ. Жайлыбай. – Алматы, 1999. – 316 б.
2. Коптев-Дворников В.С. Слово о Сатпаеве // Академик К.И. Сатпаев. Сборник посвященный памяти выдающегося советского ученого/ под ред. Ш.Ч. Чокина – Алма-Ата, 1965. – 262 с.
3. Академик К. И. Сатпаев: Сборник документов и материалов / Сост.: Б. Т. Жанаев (отв.), Н. П. Кропивницкий, К. А. Сакенова, Ш. К. Саманова. – Астана: ІС-Сервис, 2009. – 560 с.
4. ҚР ОМА. Р-2057 қ., 4- т., 714-іс. 2–61 пп.
5. ҚР ОМА. Қ. 2121, Т. 1, 21-іс. Жауқазын гүлдей жас күндер. Незабываемые дни молодости. Воспоминания о К.Сәтбаеве. 3-4 пп.
6. Хахлов В.А. Каныш Имантаевич – студент // Академик К.И. Сатпаев. Сборник посвященный памяти выдающегося советского ученого/ под ред. Ш.Ч. Чокина – Алма-Ата, 1965. – 262 с.